

ForteBlack картасы деген не?

ForteBlack – теңгедегі дебет және кредит шоттары бар тегін карта.

Дебеттік шот – бұл жеке ақшаңызға арналған шот.

Кредит шоты – сізге кредит лимитін қосуға және тауарларды/қызметтерді бөліп төлеу арқылы немесе кредитке сатып алуға жәрдемдеседі.

Картаны тапсырыспен үйге, Банктің бөлімшесінде алуға немесе онлайн қолдануға болады.

Картаны Forte мобильді қосымшасында 5 минут ішінде ашуға болады.

Сыйақы мөлшерлемесі (Бөліп төлеусіз) 31% (сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі 35,7%), жеңілдікті кезеңде - 0%.

Кредит лимитінің қолжетімділік кезеңі Шартқа қол қойған күннен бастап 35 айды құрайды.

Кредит лимиті мерзімі Шартқа қол қойған күннен бастап 36 айдан аспайды.

Жеңілдікті кезең

Жеңілдікті кезең – ақшаңызды пайызсыз қайтара алатын мерзім.

Алғашқы сатып алудан кейін ForteBlack картасы бойынша жеңілдікті кезең 90 күнді құрайды.

Келесілерге назар аударыңыз:

- Жеңілдікті кезең қолма-қол ақшаны алу және аударуға, forte.kz сайтындағы шектеулер тізімінде көрсетілген төлемдерге (Банк-> Карталар-> Құжаттар бөлімінде) және Forte мобильді қосымшасында жасалған төлемдерге жүргізілмейді
- Сыйақы жеңілдікті кезеңнің әрекет ету мерзімінің соңына дейін берешек толық өтелген жағдайда ғана есептелмейді (90 күн қоса)
- Жеңілдікті кезең берешек толық өтелгеннен кейін келесі сатып алу кезінде жаңартылады
- Берешекті кез келген күні сағат 21:00 дейін, жеңілдікті кезеңнің әрекет ету мерзімі соңына дейін толық өтеуге болады
- Берешектің толық сомасы жеңілдікті кезең ішінде өтелмесе, % есептелген ең төменгі төлемдер шығарылатын болады, оның ішінде жеңілдікті кезең үшін.

Жеңілдікті кезең және өтеу мерзімі туралы ақпаратты қайдан табуға болады?

1. «Жеке банк» бөлімінде ForteBlack таңдаңыз
2. «Жеңілдікті төлеу» бөліміне кіріңіз
3. Экранда жеңілдікті кезеңнің аяқталуына қанша күн қалғаны көрсетілетін болады
4. Өтеуді жеңілдікті кезең әрекет ететін кез келген уақытта жасауға болады

Жеңілдікті кезеңде берешек сомасын қалай өтеуге болады?

1. «Жеке банк» бөлімінде ForteBlack таңдаңыз
2. «Жеңілдікті төлеу» бөліміне кіріңіз
3. «Өтеу» батырмасын басыңыз
4. Өтеу мерзімі ай сайын 25-ші күнге дейін

Ескертпе: Қарызды өтеу сәтінде қаржылық құжаттары келмеген сатып алулар қарыз сомасына есептелмеген. Төлемді өтеген соң осы жеңілдікті кезеңнің қарызын қайта тексеру қажет.

Ай сайынғы төлем сомасын қалай білуге болады?

1. «Жеке банк» бөлімінде ForteBlack таңдаңыз
2. «Жеңілдікті төлеу» бөліміне кіріңіз
3. Экрандағы ай сайынғы төлем сомасымен танысыңыз
4. Өтеу мерзімі ай сайын 25-ші күнге дейін

Ай сайынғы төлемді қалай өтеуге болады?

1. «Жеке банк» бөлімінде ForteBlack таңдаңыз
2. «Жеңілдікті төлеу» бөліміне кіріңіз
3. «Ай сайынғы төлем» басыңыз
4. Төлем сомасы қойылатын болады
5. Өтеу шотын таңдаңыз

6. «Төлеу» және «Растау» басыңыз

Мерзімі өткен ай сайынғы төлемді қалай өтеуге болады?

1. «Жеке банк» бөлімінде ForteBlack таңдаңыз
2. «Жеңілдікті төлеу» бөліміне кіріңіз
3. Экрандағы мерзімі өткен ай сайынғы төлем сомасымен танысыңыз
4. «Ай сайынғы төлем» басыңыз
5. Кредит және есептелген проценттер бойынша ақпаратпен танысыңыз
6. Өтеу шотын таңдаңыз
7. «Төлеу» және «Растау» басыңыз

Бөліп төлеу

ForteBlack картасы картамен төленген тауарларға және қызметтерге бөліп төлеуді ресімдеуге мүмкіндік береді. Бөліп төлеуді 2 әдіспен ресімдеуге болады:

- Сатып алуға дейін
- Сатып алудан кейін

Сатып алуға дейінгі бөліп төлеу Forte мобильді қосымшасында сатып алудан бұрын ресімделеді.

Бөліп төлеуді сатып алуға дейін қалай ресімдеуге болады?

1. «Жеке банк» бөлімінде ForteBlack таңдаңыз
2. «Жеңілдікті төлеу» бөліміне басыңыз
3. «Сатып алуға дейінгі бөліп төлеу» таңдаңыз
4. Жоспарланған соманы және мерзімді көрсетіңіз. Бөліп төлеуді ағымдағы күннің соңына дейін қолдануға болады
5. Карта арқылы сатып алынатын келесі зат бөліп төлеу арқылы ресімделеді
6. Келесі айдан бастап 25-ші күнге дейін төлеуге міндетті ай сайынғы төлем қойылатын болады

Сатып алудан кейінгі бөліп төлеу Forte мобильді қосымшасында ағымдағы айда жасалған сауда тізімінен жасалады.

Сатып алудан кейін бөліп төлеуді қалай ресімдеуге болады?

1. «Жеке банк» бөлімінде ForteBlack таңдаңыз
2. «Жеңілдікті төлеу» бөліміне кіріңіз
3. «Сатып алудан кейінгі бөліп төлеу» таңдаңыз
4. Тізімнен қажетті затты таңдаңыз
5. Мерзімді таңдаңыз, «Жалғастыру» және «Растау» басыңыз
6. Келесі айдан бастап 25-ші күнге дейін төлеуге міндетті ай сайынғы төлем қойылатын болады

Ресімделген бөліп төлеуді мерзімінен бұрын қалай өтеуге болады?

1. «Жеке банк» бөлімінде ForteBlack таңдаңыз
2. «Жеңілдікті төлеу» бөліміне кіріңіз
3. «Бөліп төлеу» таңдаңыз
4. «Мерзімінен бұрын таңдаңыз» басыңыз
5. Өтеу шотын таңдаңыз
6. «Төлеу» және «Растау» басыңыз

Бөліп төлеу бойынша төлемдер кестесін Forte мобильді қосымшасындағы «Жеңілдікті төлеу» -> «Бөліп төлеу» бөлімінде табуға болады.

Ең төменгі төлем

Ең төменгі төлем – кредиттік берешек бойынша клиентке қойылатын төлем, жеңілдікті кезеңде немесе бөліп төлеу түрінде орналасқан сомадан басқа.

Төлем мерзімі – клиент берешекті өтей алатын уақыт аралығы (айдың 1-нен 25-сі бойынша).

Кредитті өтеу

Ең төменгі төлем және бөліп төлеу бойынша ай сайынғы төлем сомасы (мөлшері) Forte мобильді қосымшасында көрсетіледі («Жеке банк» бөлімінде ForteBlack таңдаңыз> «Жеңілдікті төлеу» бөліміне кіріңіз), сонымен қатар төлемдер есептелгеннен кейін ай сайынғы хабарламамен жіберіледі.

Карта бойынша кредитті ішінара қалай өтеуге болады?

1. «Жеке банк» бөлімінде ForteBlack таңдаңыз

2. «Жеңілдікті төлеу» бөліміне кіріңіз
3. «Карта бойынша кредит» бөлімін таңдаңыз
4. «Ішінара өтеу» таңдаңыз
5. Сомасын көрсетіңіз
6. Өтеу шотын таңдаңыз
7. «Төлеу» және «Растау» басыңыз

Карта бойынша кредитті мерзімінен бұрын қалай өтеуге болады?

1. «Жеке банк» бөлімінде ForteBlack таңдаңыз
2. «Жеңілдікті төлеу» бөліміне кіріңіз
3. «Карта бойынша кредит» бөлімін таңдаңыз
4. «Мерзімінен бұрын толық өтеу» бөлімін таңдаңыз
5. Сома экранда көрсетілетін болады және оны өзгерту мүмкін емес
6. Өтеу шотын таңдаңыз
7. «Төлеу» және «Растау» басыңыз

Ең төменгі және Ай сайынғы төлемді қалай өтеуге болады?

- Банк бөлімшелерінде орналасқан ForteBank терминалдары арқылы сіз ЖСН және кредит (!) шотының нөмірін көрсете отырып, кредитті кезексіз және комиссиясыз төлей аласыз;
- ForteBank бөлімшесіндегі касса арқылы (өзіңізбен бірге жеке куәлік және кредит (!) шотының нөмірі болуы керек);
- Банк бөлімшелерінен тыс «Қазпошта» АҚ немесе басқа банктен аудару арқылы – өзіңізбен бірге Банктің деректемелері, кредит (!) шотының нөмірі, жеке куәлік болуы керек (жоспарлы төлемге дейін 3 жұмыс күні бұрын).

Ескертпе: егер де сома дебеттік шотқа енгізілсе, «өз шоттарым арасында ақша аудару» арқылы ақшаны дебеттік шоттан кредиттік шотқа аудару қажет.

Ақша қаражатын картадан есептен шығару кезектілігі

ForteBlack картасымен төлеген кезде:

1. Ақша дебеттік шоттан есептен шығарылады
2. Дебеттік шотта ақша жеткіліксіз болса, қалған сома кредиттік шоттан есептен шығарылады. Бұл жағдайда, сатып алынатын затты «Сатып алудан кейін бөліп төлеу» арқылы ресімдеуге болмайды
3. Дебеттік шотта ақша жеткіліксіз болса, барлық сома кредиттік шоттан есептен шығарылатын болады
4. Егер сіз сатып алынатын затты «Сатып алуға дейінгі бөліп төлеу» арқылы ресімдесеңіз, онда барлық сома кредиттік шоттан есептен шығарылатын болады

Ақшаның есепке алынуы:

1. Клиент кредиттік шоттан төленген тауардан бас тартса, ақша дебеттік шотқа қайтарылады.
2. Картаға енгізген ақшаның бәрі дебеттік шотқа түседі. Қажет болғанда, «Өз шоттарыңыз арасындағы аударым» жасап, дебеттік шоттан кредиттік шотқа аударып алуға болады.